

М.А. Омарова

ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚИТУДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖӘНЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Білім беру, оқу-ағарту, ғылым саласында жүргізіліп жатқан реформалар бүгінгі қоғам дамуының негізі болып табылады. Заман талабына сай білім беру сапасын арттыру, оқытудың инновациялық әдістерін жан-жақты пайдалану – бүгінгі оқытушылардың алдында тұрған басты міндет. Қазіргі таңда оқу-ағарту саласындағы басым бағыттардың бірі оқытудың гуманистік бағытталуы, оның ішінде жеке тұлғалық әлеует мәселесі болып отыр. Ол студенттің қажеттілігі мен қызығушылығымен санаса отырып, оқытудың саралап жіктеу әдісін жүзеге асыруға келіп саяды. Студент – өзіндік ішкі жан дүниесі, қабілет-қауқары бар жеке тұлға. Сондықтан оқытушының басты мақсаты – тұлғаны дамытуға барынша сәйкес келетін оқыту әдістері мен формаларын дұрыс таңдау болып табылады.

Оқытудың жеке тұлғаға бағытталған жүйе технологиясының авторы, психология ғылымдарының докторы И.С. Якиманская: «Оқытудың кез келген түрі, сайып келгенде, жеке тұлғаны дамытуға жағдай жасау, яғни дамытатын, жеке тұлғаға бағытталған болып табылады», – деген. Автордың еңбегінде келтірілген оқытудың жеке тұлғаға бағытталған әдісінің негізгі ұстанымдарын баяндасак:

– таным мен пәндік қызметтің субъектісі ретінде оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін айқындай отырып, жеке тұлғаға бағытталған оқыту әдісі оқушының жеке тұлғасын дамыту мен өзіндік дамуын қамтамасыз ету керек;

– жеке тұлғаға бағытталған оқытудағы білім беру үдерісі әр оқушыға оның қабілетіне, бейімділігіне, қызығушылығына, құндылық бағыттарына және жеке тәжірибесіне сүйене отырып, оқу, танымдық қызметте, тәртібінде өз мүмкіндіктерін көрсетуге жағдай жасайды;

– білім берудің мазмұны, оның құралдары мен әдістері оқушы өзін пәндік материалға, түрі мен формасына таңдау жасай алатындай етіп құрылуы қажет;

– жеке тұлғаға бағытталған оқытудың өлшемдік негізі тек қол жеткізілген білімнің, дағдының деңгейін ғана емес, сондай-ақ белгілі интеллектінің (оның ерекшелігі, сапасы, көріну сипаты) қалыптасуын да ескереді;

– білімділік білімнің, дағдының, жеке қабілеттіліктің жиынтығы ретінде оқушының рухани және

интеллектуалды қасиеттерінің қалыптасуының аса маңызды құралы, яғни қазіргі заманғы білім берудің негізгі мақсаты болып табылады;

– жаттыққандық пен білімділік өздерінің табиғаты мен нәтижелері жағынан бір-біріне ұқсамайды. Білім, дағды арқылы үйрену қоғамға әлеуметтік және кәсіби жағынан бейімделуді қамтамасыз етеді. Ал білімділік әлемді, қоршаған ортаны жеке тұлғалық тұрғыда қабылдауды, оның шығармашылық мүмкіндігін қалыптастырып, өзі үшін маңызы бар құндылықтар мен ішкі жандүниесі негізінде қоршаған ортада орын алған оқиғалар мен фактілерді баяндау немесе оларға талдау жасауда өзінің жеке тәжірибесін кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді;

– аталған контексте дәстүрлі оқыту жалпы білім беру үдерісінде негізгілердің бірі бола алмайды. Оқушыны жеке-дара тұлға ретінде дамытатын, оның өзіндік дамуы мен өзін көрсете білуіне мүмкіндік туғызатын нәрселер маңызға ие болады;

– жеке тұлғаға бағытталған оқыту нұсқалылық қағидасына, дәлірек айтсақ, оқу үдерісінің мазмұны мен формасының көптүрлілігін мойындауға негізделеді, ал оларды таңдау танымдық үдерісте, қиын өмірлік жағдайларда әр оқушының дамыту мақсатына орай оқытушының құзырына беріледі [1];

Түрлі оқу жұмыстарын орындайтын әрбір студентті бақылай отырып, оқытушы оның әрқайсысының жеке тұлға ретіндегі қасиеттері жөнінде мәлімет алады. Оқыту үдерісіндегі ең маңызды да қажетті нәрсе, ол – студентті оқу үдерісі мен қызметінің темірқазығына, яғни белсенді субъектісіне айналдыра отырып, оның басқа студенттермен өзара байланысын ұйымдастырып, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған және интербелсенді әдістеріне аса мән беру арқылы оқу үдерісіне шынайы, тәжірибелік бағыт беру болып табылады.

Қытай тілін ғана емес, сонымен қатар кез келген басқа шет тілін оқыту барысында әр студенттің тіл үйренуге деген қабілеті ескерілуі тиіс. Өйткені шет тілін, оның ішінде қытай тілін оқып-үйренуде сол тілге ғана тән түрлі қиындықтар туындайтыны сөзсіз. Мысалы, қытай тілін үйренуде студенттер үшін ең қиын болып келетіні, ол – қытай тілінің жазуы. Алфавиттің жоқтығы, әр таңба, яғни әр

иероглиф жеке бір сөздің мағынасын беретін болғандықтан, сондай-ақ әр таңбаның өзіндік оқу екпінінің болуы олардан айтарлықтай ұзақ уақытты пайдалана отырып, өте мұқият жаттауды, естеріне сақтап алуды қажет етеді. Есте сақтау қабілеті онша жоғары емес студент үшін бұл өте қиын. Қытай тілінің дәл осы ерекшелігі студенттің тілді үйренуге деген қызығушылығын әлсіретуі мүмкін. Сондықтан оқытушының ең алғашқы кезектегі міндеті – студенттің өзіндік қабілет-қасиетіне орай тапсырмаларды жеңілдеті отырып, тапсырмаларды басқа қырынан бере отырып, оның тіл үйренуге деген қызығушылығын жоғалтып алмау болып табылады. Бір студент жазуды ұнатп, иероглиф жаттауға көп көңіл бөлсе, екіншісіне жазудан гөрі ауызекі сөйлеу тілі анағұрлым ұнайды. Осындай жағдайда оқытушы үлкен қырағылық танытып, әр студенттің қызығушылығына қарай шара қолданбаса, студентті тіл оқудан мүлде алшақтатып алуы әбден мүмкін. Жазуды ұнататын студентке жазбаша тапсырмаларды анағұрлым көбірек беріп, ал сөйлеуді ұнататын студентке ауызша тапсырмаларды молынан беру аталмыш мәселені шешудің бір жолы деп ойлаймыз. Әрине, мұнда біржақтылық басым болып кететіндей жағдай туғызбау керек. Шет тілін оқып жатқан студент сол тіл бойынша ауызша жағынан да, жазбаша жағынан да білім алып шығуы тиіс. Сол үшін жеке тұлғаға бағытталған әдісті басшылыққа ала отырып, тілдік білімнің негізін, типтік оқу бағдарламаларымен белгіленген материалды мейлінше меңгертуге тырысу қажет.

Жаңа материалды, жаңа грамматикалық тақырыпты түсіндіру барысында оқытушы студенттердің ішінде қайсысы жақсы түсінгенін, ал қайсысы қажетті деңгейде түсінбегенін олардың сыртқы пішінен, сабаққа қатысу белсенділігінен бірден байқайды. Осындай жағдайда оқытушының алдында жаңа тақырыпты мүмкіндігінше барлық студенттердің, оның ішінде баяу қабылдайтын студенттердің де бірдей меңгеруіне жағдай жасау міндеті тұрады. Оқытушы, ең алдымен өзі түсіндіріп өткен тақырыпты онша түсінбеген студенттер үшін қайта баяндап, олар үшін көбірек мысал келтіру арқылы өз мақсатына жетуді көздейді. Бұл мақсатқа жетудің тағы бір қарапайым түрі, ол – қабілеті жоғары студент пен қабілеті төмендеу студентті бірге отырғызу. Жаңа тақырыпты бекітуге арналған тапсырмаларды орындау кезінде үлгерімі жоғары студент қасындағы студентке барынша көмектесуге тырысады. Сондай-ақ үй тапсырмасы да студенттердің қабілетіне

қарай таңдап берілуі керек. Егер қабылдау қасиеті баяу студенттерге оқытушы тарапынан көңіл бөлінбейтін болса, ол студенттің шет тілін, әсіресе қытай тілін үйренуге деген қызығушылығы бірте-бірте төмендеп, мүлдем сабақ оқымайтын дәрежеге жетуі мүмкін.

Тіл оқытуда интербелсенді әдістің тиімділігі өте жоғары болады. Өйткені өзара байланысты, өзара ынтымақтастықты дамыту арқылы студенттің көпшілікпен бірге жұмыс жасауын, ортақ іске жұмылуын қамтамасыз ете отырып, оны жеке басы үшін ғана емес, көпшілік үшін де тырысуы адами тұрғыдан да өте маңызды. Қарапайым мысал келтіретін болсақ, белгілі мәтін бойынша жұмыс істеген уақытта, оған тізбек бойынша, дәлірек айтсақ кезекпен сұрақтар дайындап, оларға жауап беру немесе белгілі бір жағдайға байланысты сөздік қорды мейлінше молынан пайдалану арқылы, сайыс түрінде өзара диалог құрастыру, осылайша мүмкіндігінше топтағы барлық студентті қатыстыру тиімді болып табылады. Бұл әдіс студенттерді ұжыммен бірге жұмыс істеуге үйретеді. Сондай-ақ бұл әдіс студенттерді өзара ынтымақтастыққа тәрбиелейді, оларды өзара жақындастырады. Түрлі жағдаяттық тапсырмаларды орындау барысында 1-2 немесе 3-4 студент болып ортақ мақсатты көздейді, олардың әрқайсысының өзіне тиесілі орындайтын рөлі болады. Осылайша бір студенттің еңбегінің нәтижесі бүкіл қасындағы ортақ тапсырманы орындап жатқан студенттердің ортақ нәтижесімен тығыз байланысты болады. Тек жеке басы үшін ғана емес, сабақтастарының намысы үшін тырысу арқылы студенттің бойында басқаның да мүддесін ойлай алатын, яғни көпшілдік қасиет қалыптасады. Бұл оқытушы үшін өте маңызды, өйткені оқытушының басты мақсаты тек сапалы білім беру ғана емес, сонымен бірге саналы тәрбие беру болып табылады. Сонымен, оқытудың топтық әдісі, яғни ұжымдық әдісі интербелсенді әдістердің маңызды бір түрі деуге болады. Белгілі ғалым Ф.Ш. Оразбаева осы әдіске: «Тіл үйренудің ұжымдық формасы дегеніміз – тіл үйренушілердің бүкіл топтағы адамдардың әрқайсысымен жеке сұқбаттасу арқылы олардың бірін-бірі оқытуы, адамдардың бірінен екіншісінің үйренуі, пікір алмасуы және әр жұп сыңарларының ауысып отыруы нәтижесінде бүкіл ұжым мүшелерінің түгел қамтылып: әрі жұптық, әрі топтық тілдік қатынастың жүзеге асуы» [2], – деп анықтама береді.

Бүгінгі таңда коммуникативтік, интербелсенділік, қарым-қатынастың түпнұсқалылығы, тілді мәдени контексте үйрену, дербестік пен

гуманизация оқытудың басым бағыттарын құрайды. Аталған принциптер коммуникативтік қабілеттің басты құрамдас бөлігі болған мәдениетаралық білімнің дамуына мүмкіндік береді. Шет тілдерін оқытудағы негізгі мақсат басқа тілдік ортаға еркін бейімделе білу, түрлі жағдайларға дәйекті түрде жауап беру, яғни қатынас орнату болып табылады. Қазіргі кезде Ғаламтор ресурстарын пайдаланумен байланысты туған жаңа әдістер тіл оқытудың дәстүрлі әдістеріне қарсы қойылуда. Шет тілде қарым-қатынас жасауға үйрету үшін шынайы, нағыз өмірлік жағдайларды жасау керек (қатынастың баламалылық принципі), олар берілген материалды меңгеруге ынталандырады [3].

Осы орайда қытай тілін оқыту үдерісінен қарапайым ғана мысал келтіріп кетейік. Қытай тілін оқытын бастауыш топтарда негізінен «Дүкенде», «Асханада», «Кітап дүкенінде», «Дәрігерде», «Киім дүкенінде», «Банкте» секілді және басқа да тұрмыстық тақырыптардағы мәтіндер пайдаланылады. Аталған тақырыптарды қажетті деңгейде меңгертудің бірден бір жолы – студенттерге жағдаяттық диалог құру тапсырмасын беру. 2 студенттен отыратын әр партаға түрлі тақырыптарды бере отырып, белгілі уақыт ішінде, мысалы 5 минутта өздерінің сөздік қорларын пайдаланып, мейлінше көлемді мәтін құрастырту арқылы сабақ қарқынын жандандыруға болады. Бұл тапсырманы орындауға студенттер бар ынтасымен араласады, тіпті белсенділігі мен қабілеті төмен студенттердің өзі де оқу үдерісіне қалай араласып кеткенін

де байқамай қалады. Сондықтан қазіргі таңда жоғарыда аталған тақырыптар төңірегіндегі дәстүрлі жұмыс түрлері ойдағыдай нәтиже бере алмайды. Өйткені кез келген шет тілін үйренуші студенттің тілдесуге деген ынтасы белгілі бір себепші жағдайларға байланысты оянады. Осы орайда қытай тілінде сөйлетуге үйретуде диалог құрастыру айрықша маңызға ие болады. Оған қоса интербелсенді деп отырған өзара әрекет тек студенттер арасында ғана емес, сондай-ақ оқытушы мен студент арасында да орнауы тиіс. Оқытушының көп жағдайда студентке жылы шырай таныту арқылы оны өзіне жақын тартуы да оқыту барысында интербелсенді әдістің жүзеге асуына мүмкіндік туғызады. Қаталдық танытып, өзі мен студент арасындағы тосқауылды барынша ұстанғысы келетін оқытушының студенттермен етене араласып кетуі қиын болады.

Қорыта келе, шет тілін, атап айтқанда қытай тілін оқытуда жеке тұлғаға бағытталған және интербелсенді әдістерді пайдалану өте маңызды болып табылады. Жеке тұлғаның, яғни студенттің өзіне тән қабілеті мен ерекшеліктерін айқындай отырып, соған орай онымен жұмыс жасау тіл меңгертудің тиімділігін арттыратыны сөзсіз.

1. Якиманская И.С. Личностно ориентированное обучение в современной школе. – М.: Сентябрь, 1996.

2. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000. – 129 б.

3. Максаев А.А. Инновационные технологии в обучении иностранному языку // <http://festival.1september.ru/articles/566297/>

Ғалым Б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЕНГЕН ҚЫТАЙ КІРМЕ СӨЗДЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНДЕГІ ӘСЕРІ ТУРАЛЫ

Қазақ халқы өз дамуының ұзақ тарихында өзімен көршілес немесе шеткері жатқан көптеген елдермен, көптеген ұлттармен үнемі қарым-қатынас жасап келгені мәлім. Сондықтан сол халықтар тілдерінен қазақ халқының тілдеріне көптеген сөздер және сөздік элементтер еніп, қазақтың сөздік қорын молайтып, байыта түскен. Міне осылайша ұлттармен болған қарым-қатынасына қарай әсіресе іргелестік қарым-қатынастың әсерінен, шығыста қытайдан, батыста татар мен орыстан, терістікте монғолдан, оңтүстікте қырғыз бен өзбектен атау сөздерді

негіз еткен кірме сөздерді қабылдап отырған. Бұл жөнінде көптеген тарихи деректер бар, қазақ ССР тарихында былай деп жазған: “Қазақстан жеріндегі халықтардың Қытаймен, Орта Азиямен, Волга Булгариясымен және Киев Русімен сауда байланысы өрістеген”. Демек қазақ халқы осы тарихи барыста өзге тілдердің ықпалына ұшырап, тіліміздің лексикалық құрамына басқа тілдерден енген кірме сөздерді қабылдап отырған. Осы мәселе жөніне тоқталған белгілі диалект, говорларды зерттейтін ғалымдардың ғылыми еңбектерінде қазақ тіліндегі кірме сөздерді: